

**Сарыағаш ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Түркістан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 маусымдағы № 4 -45-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 3 шілдеде № 6322-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сарыағаш ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 маусымдағы № 39-372-VI "Сарыағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілумен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5129 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*С. Таскулов*

2023 жылғы 23 маусымдағы  
№ №4-45-VIII шешіміне қосымша

**Сарыағаш ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғыннан айына	93
Жайлы емес үйлер	1 тұрғыннан айына	161
Бірлік (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	1226